

**"Өзін-өзі тану адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын бекіту туралы"**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 522 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 28 қазандағы № 436 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қарашада № 30394 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өзін-өзі тану адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі № 522 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17623 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі

А. Аймағамбетов